



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 351-н/к
15.09.2025

Астана қаласы

город Астана

«Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 13 маусымдағы № 237-н/к бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бап 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22727 нөмерімен тіркелген) бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 13 маусымдағы № 237-н/к бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі**



Е. Ақкенженов

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2025 жылғы «15» 09
№ 331/54 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2025 жылғы 13 маусымдағы
№ 237-н/қ бұйрығымен
бекітілген

**Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға
2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі**

Аукциондық сауда-саттық күні	Аукциондық сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана қаласы уақытымен)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін құжаттарды қабылдау кезеңі	Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің аймағы	Түрі	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, мегаватт (бұдан әрі —	Шекті аукциондық тарифтің шамасы, тенге/МВт* ай	Пайдалануға берудің талап етілетін күні, шарттың қолданылу мерзімі	Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, тенге	Электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті
------------------------------	---	--	--	------	---	---	--	--	--

					МВт)				көлемі, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22727 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес									
15.12.2025 ж.	09:00 сағат	31.10.2025 ж. бастап 14.11.2025 ж. дейін	Солтүстік аймақ (Астана қаласы)	Бу-газды қондырғыс ы	500	16 299 800*	2030 ж.	1 950 051 250	7 334 910 000***
15.12.2025 ж.	15:00 сағат	31.10.2025 ж. бастап 14.11.2025 ж. дейін	Оңтүстік аймақ (Шымкент қаласы)	Бу-газды қондырғыс ы	500	16 299 800**	2030 ж..	1 950 051 250	7 334 910 000***

Ескертпе:

* Шекті аукциондық тарифтің шамасы Астана қаласында 190 Гкал/сағ.-тан кем емес жылу энергиясының қажеттілігін қамтуды қосады.

** Шекті аукциондық тарифтің шамасы Шымкент қаласында 160 Гкал/сағ.-тан кем емес жылу энергиясының қажеттілігін қамтуды қосады.

*** Графикте көрсетілген электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі аукциондық сауда-саттық қорытындысын есепке ала отырып, генерациялаудың маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке қалыптасқан жеке тарифтің (теңге/МВт*ай), 15 (он бес) жылға тең электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімінің және Графикте көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің (МВт-та) туындының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызына тең көлемде қайта есептелетін болады.